

"Балқаш" тау-кен компаниясын дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 ақпан N 187

Алтын өндіру көлемін одан әрі көбейту және "Балқаш" тау-кен компаниясының қазіргі өндірістік әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Балқаш" тау-кен компаниясына 1995 жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемқоймасына тауарлық қымбат металдарды, өткізілетін күнгі Қымбат металдарды Лондон рыногы ассоциациясының оларға белгілеген бағасының таңертеңгі фиксингі (деңгейі) бойынша өз бетінше өткізу құқығы берілсін, бұл ретте АҚШ долларымен салыстырғандағы теңгенің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағамы ескерілсін, "Қазақстан Республикасында қымбат металдар үшін есеп айырысу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 желтоқсандағы N 1431 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 48, 537-бап) сәйкес бұл бағадан шегермелер жасалсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне "Балқаш" тау-кен компаниясымен оның Мемқоймаға өткізетін қымбат металдары үшін есеп айырысуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы арасында есеп айырысу үшін белгіленген тәртіп бойынша жүргізу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Балқаш" тау-кен компаниясының пайдалануына екінші кезектегі "Ақбақай кен байыту комбинаты акционерлік қоғамы" кен орнын беру мәселесін қарайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Жезқазған және Жамбыл облыстарының әкімдері "Балқаш" тау-кен компаниясының қызметіне байланысты мәселелерді шұғыл түрде шешуге жәрдем жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі